ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

05.04.2019г. № КВГА-13

**«Электроремонт» ЖШС-і
директоры
Р.М. Нұрмұханбетовқа**

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Комитеті Сіздің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 34113 шағымыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген № 2988378-1 «Инфраструктура (электроснабжение) нового микрорайона в пос. Теренозек, Сырдарьинского района, Кызылординской области (100 га)» мемлекеттік сатып алуларының камералдық бақылауы жүргізілді.

Камералдық бақылау нәтижесінде Сіздің өтінішіңізде көрсетілген дәлелдер жартылай расталды.

Демек, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қағидаларының (*ары қарай – Қағидалар*) 150 тармағына қайшы, қосалқы мердігердің құжаттарары болмауы үшін конкурстық комиссия Сіздің конкурстық өтініміңізді заңсыз түрде конкурсқа қатысудан бас тартты.

Алайда, камералдық бақылау барысында Сіздің конкурстық өтініміңізде конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның ескертулерінің 9-тармағына сәйкес, яғни техникалық күрделілігі және сатып алынатын жұмыстарға ұқсастығы сай келетін объектілердің болмауына байланысты заңды түрде конкурсқа қатысудан бас тартты.

Өйткені, Қағидалардың 442-тармағына сәйкес, конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілердің сатып алынатын жұмыс нарығындағы жұмыс тәжірибесі екі жылға дейін болу керектігі туралы талап қойылған.

Бұл ретте, камералдық бақылаумен басқа да бұзушылықтар анықталды, оның қорытындысы бойынша Комитет камералдық бақылау жүргізу ережелеріне сәйкес шаралар қолданады.

Жауаппен келіспеген жағдайда, Сіз «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес өтінішіңізді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімге заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылысыз.

Төрағаның Орынбасары /подписано/ Б. Нәжимеденов

Орын. Бөкейханов Ә.
Тел. 71-76-08